



**«AQNIET» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

2024

Астана - 2025

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының 2024 жылғы қызметі туралы

2024 жыл «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағында (бұдан әрі - Кәсіподақ) есеп беру-сайлау жылы болып жарияланды.

Барлық есеп беру-сайлау жиналыстары мен конференциялары Кәсіподақ Жарғысына сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

Есеп беру-сайлау жиналыстары, конференциялары барысында есепті баяндамалар мен сөз алғандар Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша Кәсіподақ қызметіне оң баға берді.

2024 жылғы 20 қыркүйекте Кәсіподақтың XV съезінде Кәсіподақтың соңғы бес жылдағы қызметінің қорытындысы шығарылып, болашаққа арналған міндеттер белгіленді. Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіру, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету жүйесін одан әрі дамыту жағдайында Кәсіподақ қызметін жетілдіру, қаржылық, материалдық, ғылыми және кадрлық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында шараларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын Кәсіподақ қызметінің 2024-2029 жылдарға арналған Бағдарламасы қабылданды.

Денсаулық сақтау саласы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық кепілдіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қоғамдық қызмет көрсетумен айналысатын кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіру үшін делегаттар қызмет саласын кеңейту туралы шешім қабылдады. Қазіргі уақытта «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы атауымен жұмыс істейді.

Бұдан басқа, Кәсіподақ 2024 жылдан бастап «Мейіргерлік персоналдың жұмыспен қамтылуы және еңбек жағдайлары мен өмірі туралы» №149 конвенциясын ратификациялауды іске асыру бойынша белсенді жұмыс атқарып келеді, ол мейіргер персоналының еңбек жағдайлары мен өмірін жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, ол мұқтаждарға күтім мен мейірбикелік қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін тұлғалардың барлық санаттары ұғымын кеңейтуді және енгізуді көздейді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Конвенцияны ратификациялауды заң жобалау жұмыстарының 2025 жылға арналған жоспарына енгізді.

I. Тиімділікті арттыру және әлеуметтік әріптестікті нығайту

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы әрқашан бүкіл ел бойынша мүшелерді біріктіруге және жалпы күн тәртібін ілгерілетуге қабілетті, күшті, тәуелсіз ұйым құруға ұмтылды.

Кәсіподақ алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі - Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады.

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында адал және қажырлы еңбекпен табысқа жеткен адамдар сый мен құрметке ие болуға тиіс екенін атап өтті.

«Бұл біздің «Жауапкершілігі бар азамат – Адал еңбек – Лайықты жетістік» қағидатымызға сәйкес келеді. Біздің қоғамдағы еңбекқорлық пен кәсіпқойлықтың құндылықтары әрқашан бірінші орында тұруы керек. Өз ісінің мамандарының арқасында ұлтымыздың жаңа сапасы қалыптасуда. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеру үшін дәйекті шаралар қабылдауды жалғастырамыз.» - деді Президент.

Осылайша, Кәсіподақ Қазақстанда Халықаралық еңбек ұйымының «Мейіргерлік персоналдың жұмыспен қамтылуы және еңбек жағдайлары мен өмірі туралы» №149 Конвенциясын ратификациялауды ілгерілету жөнінде бастама көтереді. Кәсіподақ дәрігер мәртебесін көтеру туралы ғана емес, мейірбике мәртебесін көтеру туралы да сұрақтар туындауы керек деп санайды, өйткені олар пациенттерге күтім жасау жұмыстарының 80% орындайды.

Осы Конвенцияны ратификациялау Денсаулық сақтау саласы үшін ерекше маңызға ие, өйткені мейірбике қызметкерлері саланың ажырамас бөлігі болып табылады, ал олардың еңбек жағдайлары халық үшін медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне тікелей әсер етеді.

2024 жылғы мамырда Денсаулық сақтау министрімен болған кездесуде Кәсіподақтың Конвенцияны ратификациялауды ілгерілету жөніндегі бастамасына қолдау алды.

Сонымен қатар, Кәсіподақ Алматы қаласында мейірбике мәселелеріне арналған «Ана мен бала» Халықаралық форумын ұйымдастырды.

Іс - шараға Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі - ХЕҰ) мамандары, ҚР Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, жергілікті атқарушы органдар мен медициналық ұйымдардың өкілдері қатысты. Форумда ХЕҰ №149 Конвенциясын ратификациялауды ілгерілету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды.

Форумнан кейін Кәсіподақтың Алматы қаласындағы филиалы №4 емханада ХЕҰ №149 конвенциясын ратификациялау жөніндегі іс-қимыл жоспарын талқылау бойынша бас медбикелердің фокус-тобын ұйымдастырды. Ратификациялауды ілгерілету жөніндегі жобалық менеджер Ләззат Ақтаева ХЕҰ

№149 Конвенциясының негізгі нормалары туралы презентация жасап, өзінің іс-қимыл жоспарының жобасын ұсынды. Кездесу барысында қатысушылар мейірбике қызметкерлерінің мамандықтары мен мамандандыруын кеңейту және олардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізді. Сонымен қатар, 2024 жылдың қараша айында Кәсіподақ дөңгелек үстел ұйымдастырып, онда тағы да еліміздің бас медбикелерін, Кәсіподақ өкілдерін, денсаулық сақтау сарапшылары мен мемлекеттік органдардың өкілдерін жинады. Кездесуде Қазақстандағы мейірбике кәсібінің ағымдағы жай-күйі, сондай-ақ оның халықаралық стандарттар контекстінде дамуының ықтимал перспективалары талқыланды. Ләззат Ақтаева республика бойынша медбикелер арасында ауқымды зерттеу және сауалнама жүргізді, бұл нақты еңбек жағдайлары, осы кәсіп қызметкерлерінің проблемалары мен қажеттіліктері туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік берді. Сауалнамаға 3320 медбике қабылданды.

Зерттеу қорытындысы бойынша Халықаралық еңбек ұйымына (ХЕҰ) жіберілген есеп дайындалды. Осы бастама аясында атқарылған жұмыстың қорытындылары мен одан әрі іс-қимыл жоспарларын Ләззат Ақтаева мен Кәсіподақ төрағасы Бақытжан Тәжібай Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің басшылығымен кездесуде ұсынды.

Кездесу барысында тараптар бастаманың негізгі аспектілерін, соның ішінде ХЕҰ-ның стратификациядан кейінгі іс-шараларға сараптамалық қолдау көрсетуге дайындығын, сондай-ақ әртүрлі секторларда мейіргерлік күтім мен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдардың барлық санаттары үшін «мейірбике персоналы» ұғымын біріздендіру қажеттілігін талқылады. Бұдан басқа, құжатты ратификациялауға байланысты мәселелер және орта медициналық персоналдың еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған күтілетін нәтижелер қаралды.

ХЕҰ-ның № 149 Конвенциясын ратификациялау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2025 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына енгізілді және жобаны одан әрі іске асыру үшін сыртқы істер министрлігіне жіберілді.

Характеристика респондентов

Ваш пол		
	абс.	%
женский	3019	96,1
мужской	123	3,9
Итого	3142	100,0

Ваша должность		
	абс.	%
медсестра	1815	57,8
руководитель-медсестра	1327	42,2
Итого	3142	100,0

Вид_МО		
	абс.	%
ПМСП	1236	39,3
диспансер	162	5,2
стационар	1661	52,9
другое	83	2,6
Итого	3142	100,0

Месторасположение		
	абс.	%
село	231	7,4
Областной центр	777	24,7
Алматы, Астана или Шымкент	902	28,7
Районный центр	318	10,1
Город в области	914	29,1
Итого	3142	100,0

Ваше образование		
	абс.	%
магистратура	16	0,5
прикладной бакалавриат	378	12,0
ПБ+АБ	29	0,9
академический бакалавриат	286	9,1
АБ+ магистратура	2	0,1
колледж (среднее специальное образование)	2431	77,4
Итого	3142	100,0

Аналитика Windows
Используйте Windows, переходя к разделу "Параметры"

Среднее значение заработной платы в разрезе месторасположения медицинской организации	
❖ в городах республиканского значения	207 815,99 ± 67 364,367 тенге;
❖ в районном центре	206 588,05 ± 53 981,954 тенге;
❖ в селе	204 482,33 ± 48 522,180 тенге;
❖ в областном центре	197 076,40 ± 51 572,909 тенге;
❖ в городе в области	185 518,94 ± 48 775,159 тенге;

уровни образования	Среднее значение заработной платы, в тенге
среднее специальное образование	190 288,46 ± 50 601,142
академический бакалавриат и магистратура	260 000,00 ± 70710,678
магистратура	252 875,00 ± 81 229,613
академический бакалавриат	235 097,44 ± 63 842,372
прикладной и академический бакалавриат	235 827,59 ± 78 988,276
прикладной бакалавриат	216 505,26 ± 65 671,073

❑ Среднее значение зарплаты руководителей сестринской службы	209 890,89 ± 60 917,501 тенге.
❑ У практикующих медсестер	189 833,55 ± 51 567,057 тенге.

Среднее значение зарплаты в разрезе вида медицинской организации респондентов

- о в ПМСП – 180 544,90 ± 50 396,131 тенге
- о в диспансере 191 229,63 ± 48 138,394
- о в других медорганизациях 206 071,29 ± 60 967,939 тенге
- о в стационаре 211 822,09 ± 57 727,262 тенге

№	Мероприятия
3.	Принятие необходимых мер для предоставления сестринскому персоналу образования и подготовки
3.1	Разработка и внедрение образовательных программ для новых категорий сестринского персонала в деятельность медицинских колледжей
3.2	Разработка и внедрение образовательных программ для подготовки профильных средних медработников в деятельность медицинских колледжей (операционная медсестра, прививочная медсестра, медсестра реанимации, медсестра-анестезистка, инфекционного контроля, функциональной диагностики и др.)
3.3	Подготовка преподавательского состава для обучения новых категорий сестринского персонала
3.4	Разработка и внедрение стандартов операционных процедур для новых категорий сестринского персонала
3.5	Дальнейшая разработка сестринских клинических руководств
3.6	Обучение по сестринским клиническим руководствам

№	Мероприятия
4.	Принятие необходимых мер для предоставления сестринскому персоналу условий занятости и труда
4.1	Внедрение Международного классификатора сестринских вмешательств в медицинскую информационную систему (МИС)
4.2	Внедрение и оцифровка сестринской документации в МИС
4.3	Отражение всех сестринских услуг в МИС для учета
4.4	Оцифровка услуг медсестер-прикладных бакалавров в МИС
4.5	Предоставление учетных данных в программе ИСЛО для медсестер расширенной практики
4.6	Тарификация и возмещение всех сестринских услуг
4.7	Повышение заработной платы сестринского персонала
4.8	Внесение новых категорий сестринского персонала в штатное расписание медицинских организаций
4.9	Определение продолжительности рабочего времени сестринского персонала не более 12

№	Мероприятия
5.6	Влияние реформы пенсионной системы на сестринский персонал (возможности оформления компенсационных выплат с 55 лет)
5.7	Сокращение рабочего времени сестринского персонала в субботние дни в организациях ПМСП
5.8	Выделение времени на обед для сестринского персонала при работе в стационарных условиях
6.	Определение условий занятости и труда предпочтительно путем переговоров между заинтересованными организациями работодателей и работников
6.1	Развитие социального партнерства, разработка формы отчета по условиям труда и занятости сестринского персонала с учетом гендерных аспектов
6.2	Включение отчета по условиям труда сестринского персонала в ежегодный план работы отраслевой трехсторонней комиссии
6.3	Включение в отраслевое соглашение и коллективные договоры раздела по условиям труда сестринского персонала

ХЕҰ-ның №149 Конвенциясы мен №157 Ұсынымдарының талаптарына сәйкес Қазақстанда мейірбике персоналын кәсіби дамыту, еңбек жағдайларын, еңбек қатынастары мен жүйесін зерттеу, (қорытынды есеп)



*ҚР ДСМ, ҚР ЕХӘҚМ және Адам құқықтары жөніндегі
ұлттық орталық басшыларымен кездесу*



Кәсіподақ ұйымдастырған ХЕҰ мамандарының, ҚР Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының, медициналық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен мейірбике ісіне арналған «Ана мен бала» Халықаралық форумы



*Жұмысшылардың қызметі бойынша (АКТРАВ)
Халықаралық еңбек ұйымы бюросы басшылығымен кездесу*

2024 жылдың қаңтарында логопедтер, сурдологтар және олардың жұмыс берушілері - көп салалы балалар ауруханаларының директорлары арасында жұмыс уақытының нормативтеріне қатысты еңбек даулары туындады.

Кәсіподақтың белсенді әрекеттерінің арқасында мамандардың қысқартылған жұмыс күні мен қосымша демалысқа заңды құқықтарын қорғауға қол жеткізілді.

Солтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасының бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы логопедтер мен сурдологқа жұмыс уақытының ұзақтығын арттырған басшылық әрекеттерінің заңдылығы туралы сұрақпен Кәсіподақ филиалына жүгінді.

Өзгерістердің себебі жұмыс берушінің сурдологтың, облыстағы жалғыз маманның жоғары сұраныс мәселесін шешуге деген ұмтылысы болды. Онымен бірге аптасына 40 сағатқа дейін логопедтердің де жұмыс уақытын көбейту жоспарланған болатын. Алайда, көптеген жылдар бойы бұл мамандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығына сәйкес жұмыс істеді. Бұл құжатқа сәйкес, олардың жұмыс уақыты аптасына 18 сағат, ал қосымша еңбек демалысы 12 күн болды.

Жағдайды түсіндіру үшін Денсаулық сақтау министрлігіне және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне аталған бұйрықты медициналық ұйымдардың сурдологтары мен логопедтеріне қолдану туралы сұрау салулар жіберілді. Алынған жауаптар кереғар болды, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қысқартылған жұмыс уақыты мен қосымша демалысты қолданудың заңдылығын растаса, ал денсаулық сақтау министрлігі растамады.

Осыған байланысты Кәсіподақ Денсаулық сақтау министрлігіне логопед пен сурдологтың лауазымдық нұсқаулықтарын, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауабын қоса отырып, сондай-ақ осы мамандардың құқықтарын қорғауда өзінің нақты ұстанымын білдіре отырып, қайта хат жолдады.

Қайта қарау қорытындысы бойынша денсаулық сақтау министрлігі медициналық ұйымдарда пациенттермен тікелей жұмыс істейтін логопедтер мен сурдологтарға қысқартылған жұмыс уақыты мен қосымша демалыстың қолданылуын негізді деп таныды.

Осылайша, Кәсіподақтың белсенді жұмысының арқасында логопедтер мен сурдологтардың заңды құқықтарын қорғауға қол жеткізілді, бұл оларға қысқартылған жұмыс күні мен қосымша демалыстың сақталуын қамтамасыз етті.

Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігіне және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне туберкулезге қарсы ұйымдардың (бөлімшелердің, кабинеттердің) кіші медицина қызметкерлеріне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу мәселелері бойынша хаттар жолданды.

Алынған жауаптардың қорытындысы бойынша Кәсіподақ зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арнайы әлеуметтік төлем беру тәртібін

түсіндіріп, қызметкерлерге арналған вебинар өткізді, сондай-ақ әдістемелік басшылық әзірледі.

Есепті кезеңде үздіксіз кәсіби дамуды растауға, сертификаттар беруге және біліктілік деңгейлерін беруге байланысты мәселелер көтерілді.

2024 жылдың қазан айында Кәсіподақтың бастамасымен Астана қаласының кәсіподақ активі мен медицина ұйымдары қызметкерлерінің Денсаулық сақтау министрлігінің, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің және Ұлттық тәуелсіз сараптама орталығының өкілдерімен кездесуі өтті. Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандыратын сұрақтарға уәкілетті органдардың өкілдерінен толық жауаптар алды.

Атап айтқанда, Денсаулық сақтау министрлігі мен Кәсіподақтар 2023-2025 жылдарға арналған Салалық келісім жасасқаны атап өтілді, оның аясында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап біліктілік санаттарын ескере отырып, медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын есептеу жүзеге асырылуда. Осы Келісімнің күші тиісті саладағы жұмыс берушілерге, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне қолданылады және жаңа құжат қабылданғанға дейін, бірақ 2026 жылғы ақпаннан кешіктірілмей өзекті болады.

Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 414 бұйрығына сәйкес бекітілген Тізбеге енгізілген медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беру ұйымдарында оқудан өту қажеттілігі туралы мәселе талқыланды.

Сонымен қатар, денсаулық сақтау менеджерлеріне, эпидемиологтарға, фармацевтерге, зертханалық диагностика мамандарына қатысты мәселелер ашық күйінде қалып отыр. Қатысушылар жоғары білімі бар медбикелердің (қолданбалы және академиялық бакалавриат) қызметін реттейтін нормаларға өзгерістер енгізу, сондай-ақ біліктілік деңгейлерін беру бойынша ұсыныстар айтты.

Айтылған ұсыныстардың көпшілігі ескерілді және «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына және «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына бүгінгі таңда өзгерістер енгізілуде.

Бұл өзгерістердің қажеттілігі біліктілік санаттарын беру жүйесінен (куәліктермен расталатын) денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаттарымен белгіленетін біліктілік деңгейлері жүйесіне көшуді құқықтық реттеуге байланысты. Реформа шеңберінде мынадай ережелер ұсынылады:


1. Қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін аяқталған біліктілік санатын беру туралы куәлігі бар мамандар біліктіліктің тиісті (баламалы біліктілік санатына) деңгейіне білімі мен құзыреттерін бағалаудан өтеді.

2. Қолда бар біліктілік деңгейі расталған кезде медицина қызметкері кәсіптік даярлықты бағалау шеңберінде білім мен дағдыларды бағалаудан (кейс-тестингтен) өтуден босатылады.

3. Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар медицина қызметкерлері оларды кәсіптік даярлықты бағалаудан өтпей-ақ тиісті біліктілік деңгейімен өз мамандығы бойынша маман сертификатына қайта ресімдей алады.

4. Қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін аяқталған біліктілік санатын беру туралы куәлігі бар медицина қызметкерлері кейс-тестингтен өтпей-ақ тиісті (баламалы) біліктілік деңгейіне үміткер бола алады.

Жалпы, бұл жоба білім мен дағдыларды бағалаудан өту қажеттілігінен туындаған медицина қызметкерлері арасындағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге бағытталған.



*Астана қаласының кәсіподақ активі мен медицина ұйымдары қызметкерлерінің
ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің өкілдерімен кездесуі*

20 қыркүйекте Кәсіподақтың XV съезінде делегаттар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевқа ашық үндеу жолдап, онда денсаулық сақтау саласының аса өткір проблемаларын атап өтті.

Өтініштің басты тақырыптарының бірі медицина қызметкерлерінің жалақы деңгейі болды. Соңғы жылдары жалақының кезең-кезеңімен өсуіне қарамастан, оның қазіргі мөлшері мамандардың жоғары біліктілігі мен жауапкершілігіне сәйкес келмейді. Бұл әсіресе жас дәрігерлерге, сондай-ақ орта, кіші және көмекші медициналық қызметкерлерге қатысты. Осыған байланысты Кәсіподақ жалақыны кемінде екі есе арттыруға мүмкіндік беретін мақсатты қаржыландырумен арнайы бағдарлама әзірлеуді ұсынды.

Делегаттар көтерген тағы бір өзекті мәселе 2022 жылдан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысының тұрақсыздығынан туындаған медициналық ұйымдарды қаржыландырудағы қиындықтар болды. Қаражаттың жетіспеушілігі медициналық ұйымдарда ресурстардың тапшылығына әкелді, бұл жедел шешімді қажет етеді. Осыған байланысты Кәсіподақ кәсіподақтарды қаржы қаражатының бөлінуін бақылау жөніндегі комиссиялардың құрамына қайтаруды ұсынды, бұл жүйенің ашықтығы мен оған деген сенім деңгейін арттырады.

Сондай-ақ, делегаттар мемлекеттік денсаулық сақтау шығындарын ЖІӨ-нің 6% - на дейін арттыру туралы бастама көтерді. Бұл халық үшін медициналық қызметтердің жоғары сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрақты және тиімді жүйені құруға мүмкіндік береді.

Жауап Денсаулық сақтау министрлігінен алынды:

2020 жылдан 2023 жылға дейін медицина қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын дәрігерлер үшін 30% - ға және орта медициналық қызметкерлер үшін 20% - ға өсті.

2024 жылы жалақы деңгейі: дәрігерлер (еңбек өтілі 13-16 жыл): ауылдық жерлерде 445,5 мың теңге және қалаларда 357,5 мың теңге. Орта медициналық персонал: ауылдық жерлерде 245,9 мың теңге және қалаларда 199,2 мың теңге.

Жалақыны одан әрі арттыру мәселесі бюджетті ескере отырып қаралады.

Медициналық ұйымдарды қаржыландыруды бақылауға қатысты министрлік қазіргі уақытта әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қоғамдық-консультативтік кеңесі жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Оның құрамына кәсіподақтар, ҰЕҰ, бизнес және мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Кәсіподақтар кеңес жұмысына қатысу үшін өз кандидаттарын ұсына алады.

2023 жылы денсаулық сақтауды қаржыландыру 4,7 трлн теңгені (ЖІӨ-нің 4%) құрады, бұл ЭЫДҰ елдерінің деңгейінен төмен. Шығыстардың үлесін ЖІӨ 5% - ға дейін арттыру үшін:

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін кеңейту;

ерікті медициналық сақтандыруды дамыту;

денсаулық сақтау саласына жеке инвестициялар тарту ұсынылады.

Қабылданған шаралар медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және халыққа қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, XV съезде қабылданған қоғамдық қызмет көрсету кәсіподақ ұйымдарын қамтитын кәсіподақ қызметінің аясын кеңейту туралы шешімге байланысты Кәсіподақ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің салалық үшжақты комиссиясының құрамына Кәсіподақ өкілдерін қосу туралы ұсыныспен жүгінді. Бұған жауап ретінде министрлік әлеуметтік әріптестікке қатысу үшін жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерін анықтау бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын растады. Осы процесс аяқталғаннан кейін Министрлік Салалық комиссия құру туралы мәселені қарауға дайын болады делінген.

2024 жылдың қазан айынан бастап Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру енгізілді. Кәсіподақ кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруды енгізуге байланысты заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс тобына белсенді қатысты және бұл мәселелерді БАҚ-та белсенді көтерді. Заң енгізілгеннен кейін Кәсіподақ төрағасы Бақытжан Тәжібай JIBEK JOLY президенттік арнасында BYZDIN ORTA подкастында сұхбат берді, оған тәуелсіз сарапшы, медицина ғылымдарының кандидаты Халида Шерипова да қатысты.

Сұхбат барысында Кәсіподақ төрағасы жаңа заң медицина қызметкерлерін негізсіз айыптаулардан қорғауға және пациенттердің денсаулығына зиян келтіргені үшін өтемақы алуды жеңілдетуге бағытталғанын атап өтті. Ол реформаның маңызды элементі дәрігерлер мен пациенттер үшін ұзаққа созылған сот процестері мен стресстен аулақ болуға көмектесетін медициналық қателіктерді объективті түрде бағалайтын тәуелсіз сараптамалық комиссиялар екенін атап өтті. Оқиға болған жағдайда зиянды өтеу жауапкершілігі сақтандыру компаниясына жүктеледі, ал тәуелсіз сарапшылардың қорытындылары шешім қабылдауға негіз болады, бұл ашықтықты қамтамасыз етеді және біржақты шешімдер қаупін азайтады.

Заңды сәтті жүзеге асыруда Кәсіподақ ерекше рөл атқарды, ол соңғы екі жылда 121 медицина қызметкерін «Медициналық адвокат» жобасы аясында негізсіз айыптаулардан қорғады. Жоба реформалар жағдайында Кәсіподақ қолдауының маңыздылығын көрсете отырып, қиын жағдайларда медицина қызметкерлеріне заңгерлік көмек көрсетеді.

Заң қоғамдық пікірталастарды тудырды, әсіресе дәрігерлердің жазасыз қалуы мүмкін деген алаңдаушылыққа қатысты. Алайда, сарапшылар Заңның мақсаты медициналық қателіктерді объективті қарау екеніне сенімді. Жеке клиникаларды лицензиялау және бақылау тетіктерін дамыту да маңызды болып қала береді.

Сондай – ақ, кәсіби жауапкершілікті сақтандыруды енгізу дәрігерлер мен пациенттер үшін неғұрлым кәсіби және қауіпсіз орта құруға жасалған қадам екенін атап өтті. Бұл медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеруге, жүйеге деген сенімді нығайтуға және еңбек жағдайлары мен құқықтық қорғауды жақсартып, дәрігерлердің миграциясын төмендетуге ықпал етеді. Сақтандыру сонымен қатар пациенттерге қателіктер үшін әділ өтемақы береді. Сапалы және әділ денсаулық сақтау жүйесін құру үшін процесс мемлекет,

медициналық қауымдастық, кәсіподақтар мен қоғам арасындағы диалогпен бірге жүруі маңызды.

II. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау

Кәсіподақ республикада қолданылып жүрген заңнама шеңберінде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кезінде дербестігі мен іс-қимыл еркіндігін сақтай отырып, тараптардың әлеуметтік әріптестігі, тең құқылығы мен ынтымақтастығы қағидаттарында мемлекеттік билік және басқару органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Кәсіподақтың міндеті кең қоғамдық қолдау және оның денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау ісіндегі оң, әлеуметтік маңызды рөлін мойындау болып табылады.

Адамдарға көмектесетін әрбір медицина қызметкері өз денсаулығына ұқыпты қараудың жеке үлгісін көрсетуі керек. Жақсы фитнес пен эмоционалды тепе-теңдікті сақтау олардың қиын және жауапты кәсібінде маңызды рөл атқарады.

Осы мақсатта 2024 жылғы 4 қарашада Астана қаласының №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасында Кәсіподақ мүшелері үшін толық жабдықталған фитнес-залдың салтанатты ашылуы өтті. Жаңа зал қызметкерлердің физикалық және эмоционалдық денсаулығын қолдау, күш-қуатын қалпына келтіру үшін құрылған, бұл олардың күнделікті жұмысында ерекше маңызды.

№ 2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасының директоры Гүлнар Кулушева Кәсіподаққа аурухананың дамуына қосқан үлесі және қызметкерлерге қамқорлығы үшін алғысын білдірді. Фитнес залы жұмысшылар үшін сыйлық қана емес, сонымен қатар салауатты жұмыс ортасын құрудағы маңызды қадам екенін атап өтті.



Астана қаласының №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасында Кәсіподақ мүшелері үшін толық жабдықталған фитнес-залдың салтанатты ашылуынан

Кәсіподақ төрағасы Б. Тәжібай есепті кезеңде денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін талқылау, халыққа медициналық көмектің сапасын жақсарту бойынша бірлескен шешімдер әзірлеу және медицина қызметкерлеріне тиімді құқықтық қолдау көрсету мақсатында кездесулерге қатысты.

Мәселен, ол Астана қаласы мәслихатының депутаты, №5 қалалық емхананың басшысы Алтыншаш Табулдинамен кездесті, онда медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға қатысты маңызды мәселелер қаралды.

Сонымен қатар, Алматы қаласы клиникалар қауымдастығының президенті, профессор Сәуле Нукушеваның шақыруымен республикалық Бос орындар жәрмеңкесі - 2024 аясында өткен «Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстары: жетістіктер, білім және мансап» ғылыми - практикалық конференциясында сөз сөйледі. Бұл іс-шараға үш жетекші медициналық жоғары оқу орындарының түлектері мен жұмыс берушілер, медициналық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Сондай-ақ, Б. Тәжібай «Назарда пациент» ұранымен Дүниежүзілік пациент қауіпсіздігі күніне орайластырылған аккредиттеу және медициналық көмектің сапасы жөніндегі халықаралық конференцияға қатысты. Конференцияны ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, «Accreditation Center for Quality of Healthcare» ҚБ, «ҚР әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұйымдастырды. Іс-шара аясында Кәсіподақ төрағасы «Денсаулық мәселелері төңірегіндегі ресурстарды: салааралық проблемалар мен шешімдерді біріктіру» тақырыбына баяндама жасады. Ол өз баяндамасында медицина қызметкерлері қолданыстағы еңбек жағдайлары туралы ашық мәлімдей алуы керек екенін атап өтті, өйткені мамандар үшін лайықты жағдай жасау пациентке сапалы медициналық көмекке қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Ол лайықты еңбек жағдайларына қауіпсіз және жайлы жұмыс орны ғана емес, сонымен қатар әділ жалақы, әлеуметтік қолдау, сондай-ақ кәсіби өсуге мүмкіндік беру кіретінін атап өтті.



Кәсіподақ Зауреш Батталова басқаратын Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорымен өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандумның мақсаты еңбек және медициналық дауларды шешу кезінде медиацияны пайдалануды қоса алғанда, Кәсіподақ мүшелерінің негізгі

құқықтары мен мүдделерін қорғауға және ілгерілетуге бағытталған тараптардың тиімді және пайдалы ынтымақтастығын дамыту.

2024 жылғы 8 қарашада Меморандум аясында «Бірлестіктер бостандығы. Қазақстандағы еңбекшілердің мүдделерін қорғаудағы және білдірудегі кәсіподақтардың рөлі. Қазіргі жағдайы мен болашағы» атты эксперттік кездесу өтті. Кездесу модераторы Зәуреш Батталова болды. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Г.А. Нұрымова, MNU PhD профессоры М.Х. Хасенов, азаматтық сектор өкілі, «Камеда» ҚҚ және Азаматтық Альянс директоры М. М. Еспенова, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері мен 70-тен астам Кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділері қатысты.

Кездесу барысында спикерлер талқыланатын тақырыптың маңыздылығына тоқталып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Кәсіподақтар экономикалық және әлеуметтік процестерге әсер ете отырып, мемлекеттің дамуында шешуші рөл атқаратыны сөз болды. Цифрландыру және еңбек нарығындағы өзгерістер жағдайында олардың рөлі күшейіп, тұрақты кәсіподақтар әлеуметтік тұрақтылық пен жұмысшылардың құқықтарын қорғаудың негізіне айналады.

Сондай-ақ, өзін-өзі қорғау, мемлекеттік және кәсіподақ қорғауын жақсартуды қоса алғанда, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау жүйесіндегі реформалардың қажеттілігі талқыланды. Кездесуге қатысушылар Қазақстанға кәсіподақтардың рөлін күшейту және бар проблемаларды шешу үшін қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету қажет деген қорытындыға келді.


Кездесу нәтижесінде еңбек жағдайларын жақсартуға, қызметкерлердің құқықтарын қорғауға және Қазақстандағы кәсіподақтардың рөлін нығайтуға бағытталған нақты бастамалары бар Жол картасын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Меморандум аясында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған отырыс өтті. Кездесу қолданыстағы заңнамадағы негізгі проблемаларды талдаған ғылыми қоғамдастық, кәсіподақтар, ҰЕҰ және азаматтық қоғам өкілдерін біріктірді. Модератор Зәуреш Батталова да сөз сөйлеп, теңдестірілген шешімдерді әзірлеу үшін бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті.

Еңбек қатынастарын реттеудегі құқықтық олқылықтарды және жұмысшылардың құқықтарын қорғауды күшейту қажеттілігін қоса алғанда, заңнаманың негізгі сын-қатерлерін заң ғылымдарының докторы Муслим Хасенов ұсынды. Қатысушылар оның ұсыныстарын белсенді талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Кәсіподақ төрағасы Бақытжан Тәжібай Еңбек кодексін табысты реформалау үшін мемлекет, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы диалогты нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Азаматтық қоғам өкілдері еңбек нарығындағы өзгерістер жағдайында жұмысшылардың құқықтарын қорғауға баса назар аудара отырып, Кәсіподақтың бастамаларын қолдады.

Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар еңбек стандарттарын жақсартуды, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуді және қашықтан жұмысты реттеуді қоса алғанда, Еңбек кодексіне түзетулер енгізу үшін негізгі ұсынымдарды келісті.



*«Бірлестіктер бостандығы. Қазақстандағы еңбекшілердің мүдделерін қорғаудағы және білдірудегі кәсіподақтардың рөлі. Қазіргі жағдайы мен болашағы» атты
эксперттік кездесу*

ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, Кәсіподақ «Израильдің міндетті медициналық сақтандыру жүйесі, сақтандыру сыйлықақыларын аудару және аурухана кассалары арқылы медициналық қызметтерді алу қағидаттары» тақырыбында халықаралық семинар ұйымдастырды. Іс-шараның модераторлары Кәсіподақ төрағасы Бақытжан Тәжібай және Алматы қаласының №6 қалалық емханасының директоры Гүлшахира Қамбарова болды.

Негізгі спикер Израиль Денсаулық сақтау министрлігінің Халықаралық қатынастар бөлімінің директоры және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық тобынан Атқару комитетінің мүшесі, профессор Ашер Шалмон болды. Ол өз сөзінде Израильде міндетті медициналық сақтандыруды ұйымдастырудың негізгі аспектілерін, соның ішінде аурухана кассаларының функцияларын, жеткізушілерді таңдау критерийлерін, медициналық қызметтерге

тариф белгілеуді, стационарлар мен емханалардағы төлем әдістерін және денсаулық сақтау жүйесіндегі ақпараттық технологиялар саласындағы шешімдерді атап өтті.

Іс-шара қорытындысы бойынша 120-дан астам қатысушы семинарға қатысқанын растайтын 4 академиялық сағатқа сертификат алды. Бұл іс-шара Қазақстанның денсаулық сақтау қызметкерлері үшін әлемнің жетекші елдерінің бірінде медициналық сақтандырудың үздік тәжірибелерімен танысуға, біліктілігін арттыруға, медициналық сақтандыру саласындағы білімдерін тереңдетуге, медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылдың практикалық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ елдегі денсаулық сақтау жүйесін дамытуға ықпал ететін пайдалы кәсіби байланыстарды орнатуға бірегей мүмкіндік берді.



Кәсіподақ ұйымдастырған «Израильдің міндетті медициналық сақтандыру жүйесі, сақтандыру сыйлықақыларын аудару және аурухана кассалары арқылы медициналық қызметтерді алу қағидаттары» халықаралық семинары

Кәсіподақ есепті кезең ішінде медицина қызметкерлерінің мүдделерін қорғауда, жалақының өсуін іске асыру үшін және медицина қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін басқа да мәселелер үшін Президент Әкімшілігіне – 1, әкімдіктерге - 10, Денсаулық сақтау министрлігіне – 21, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне – 10, Мәжіліс депутаттарына - 5, денсаулық сақтау басқармаларына - 32 өтініш жолдады.

Кәсіподақтың уақтылы және жүйелі жұмысының нәтижесінде Үкімет қаулыларында, Денсаулық сақтау министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрықтарында көрсетілген көптеген ұсыныстары ескерілді.

Бұдан басқа, Кәсіподақ өкілдері ҚР ДСМ және ДСҰ алқаларының, ШЖҚ мемлекеттік кәсіпорындарының бақылау кеңестерінің, тәртіптік кеңестердің, жас мамандар мен докторларды (PhD) жұмысқа бөлу жөніндегі кеңестердің және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек мәселелеріне қатысты өзге де комиссиялардың мүшелері болып табылады.

III. Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру, Кәсіподақтың құқық қорғау қызметі

Денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету жүйесі қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға, ілгерілетуге және нығайтуға өкілеттіктерді тиімді іске асыру мақсатында Кәсіподақ өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың барлық фактілеріне жедел ден қояды, уақтылы жоюға тырысады, сот арқылы қорғау мүмкіндіктерін, еңбек заңнамасының сақталуын қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органдарды тиімді пайдаланады.

Кәсіподақ келесі бағыттар бойынша құқықтық көмек көрсетеді: еңбек, зейнетақы, тұрғын үй заңнамасы, сақтандыру және басқа да өзекті тақырыптар бойынша кеңес беру.

Ұжымдық шарт нормаларын қолдану, еңбек жағдайларын, демалыстарды, тәртіптік жазаларды және жұмыс режимін арнайы бағалау мәселелеріне ерекше назар аударады.

Қысқартуға ұшыраған қызметкерлерге үнемі құқықтық қолдау көрсетіледі. Консультациялар тек Кәсіподақ мүшелеріне ғана емес, қолдау сұраған барлық қызметкерлерге де қол жетімді «сенім телефоны»: гор. +7 (7172) 25-17-74; моб: +7 701-199-14-14). Қызмет ауызша және жазбаша нысанда, нормативтік актілерден үзінділерді қоса бере отырып, электрондық пошта, әлеуметтік желілер, «WhatsApp» мессенджері, қалалық және қалааралық телефон байланысы арқылы, сондай-ақ Кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау мақсатында құрылған «МедАдвокат» жобасы шеңберінде ұсынылады.

Кәсіподақ жеке еңбек дауларында қызметкерлердің мүдделерін білдіретін сотқа дейінгі талқылауларға қатысады, жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізеді, келісім комиссиясына өтініштер дайындауға көмек көрсетеді, оның жұмысына қатысады, еңбек инспекциясына өтініштер дайындайды және дауларды медиативтік тәртіппен шешуге жәрдемдеседі.

Барлық сатыдағы соттарда Кәсіподақ медицина ұйымдарының қызметкерлері мен басшыларының мүдделерін білдіреді, талап арыздар дайындайды, сот отырыстарына қызметкердің немесе үшінші тұлғаның өкілі ретінде дербес талаптарсыз қатысады. Қажет болған жағдайда кәсіби заңгерлер мен адвокаттар тартылады, сондай-ақ әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істерде құқықтық қолдау көрсетіледі.

Еңбек даулары.

№ 1 кейс. Біліктілік санаты үшін қосымша ақы (Қостанай).

2021 жылдан бастап жұмыс беруші біліктілік санаты үшін Қостанай қалалық ауруханасының (<https://qqa.kz/qqa>) гинекология бөлімшесінің меңгерушісіне қосымша ақы төлеуді тоқтатқаны үшін «AQNIET» Кәсіподағы «МедАдвокат» жобасымен заң көмегін көрсетті.

Кәсіподақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға бастама жасады және сот шешімі бойынша жұмыс берушінің іс-әрекеті заңсыз деп танылды, нәтижесінде меңгеруші барлық тиісті төлемдерді алды.

Аурухана басшысына сот ӨҚБТК-нің 97-бабының 3-бөлігіне сәйкес 400 АЕК мөлшерінде жаза қолданды.

Жауапкершілікті ауырататын мән-жайлардың жоқтығын, бірінші басшының алғаш рет құқық бұзушылық жасауын назарға ала отырып, сот тағайындалған айыппұл сомасын 1 033 760 (3692 x 400 АЕК-30%) теңгеге тең 30% - ға қысқартты.

ӨҚБТК сәйкес айыппұл ұйымнан емес, тікелей басшыдан өндіріледі.

№ 2 кейс: заңсыз жұмыстан шығару

Кәсіподаққа Астана медицина университетінің (<https://amu.edu.kz/ru/>) аға оқытушысы жүгінді, ол жалған құжаттар бойынша жұмыстан шығарылған. Кәсіподақ сот ісін бастады және:

- жұмыс берушінің актілері жарамсыз деп танылды.
- қызметкердің жұмыс орны қалпына келтірілді.
- мәжбүрлі шықпаған күндері мен моральдық зиян үшін өтемақы өндірілді.

Сонымен қатар, құжаттарды қолдан жасағаны үшін жұмыс берушіге қарсы қылмыстық іс қозғалды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

№ 3 кейс. Пациенттер агрессиясынан қорғау

Астананың жеке клиникаларының бірінде («Салауатты Астана» ЖШС) медицина қызметкерлері бір пациент тарапынан жүйелі түрде қорлауға ұшыраған.

Қорлау - қылмыстық жазаланатын әрекет. Кәсіподақтың «МедАдвокат» жобасының адвокаты сот ісін бастап, нәтижесінде:

- науқас қорлағаны үшін кінәлі деп танылып, айыппұл салынды;
- пациенттен моральдық өтемақы өндіру туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ, Кәсіподақ денеге физикалық зиян келтіргені үшін мұндай әрекетке жол берілмеу керектігін дәлелдеп, пациенттің жауапкершілігіне қол жеткізді. Өкінішке орай, дәрігерлер мен медбикелер пациенттердің агрессиясына жиі ұшырайды.

2021 жылдың қараша айынан бастап көрсетілген көмек:




**КӘСІПОДАҚТЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК «МЕДАДВОКАТ» ЖОБАСЫ**
(2021Ж.ҚАРАШАДАН)

Адвокаттар мен юристердің қатысуымен
121 Кәсіподақ мүшесіне құқықтық көмек
көрсетілді, оның ішінде:



-  Қылмыстық сипаттағы – 13 іс;
-  Әкімшілік сипаттағы – 14 іс;
-  Азаматтық құқықтық сипаттағы – 51 дел.

Бөлінген қаражат 24 490 000 тг.

10

Медицина және фармацевтика қызметкерлерін толық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету үшін «AQNIET» Кәсіподағының «Медициналық адвокат» жобасы өз жұмысын жалғастыруда.




**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ**

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ
КЕЗІНДЕ**

- ➔ ҚЫЛМЫСТЫҚ,
- ➔ ӘКІМШІЛІК,
- ➔ АЗАМАТТЫҚ
- ➔ ЕҢБЕК НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ

**ПРОБЛЕМАЛАРҒА ТАП БОЛСАҢЫЗ
КӘСІПОДАҚҚА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ**



«Жедел желі»: +7(7172) 25-17-74
Жоба үйлестірушісі: +7(701)-199-14-14
WhatsApp: +7(701)-199-14-14
E-mail: medadvocataqniyet@zdravunion.kz

2024 жылы Кәсіподақ ОК аппараты мен филиалдары қызметкерлердің еңбекақы төлеуге, құқықтық мәселелерге, еңбекті қорғауды ұйымдастыруға, санаторлық-курорттық қызмет көрсетуге, демалуға және атаулы материалдық көмек көрсетуге қатысты 4111-ден астам өтініштерін өңдеді. Шағымдар мен қайталама өтініштерге әкеп соғатын себептер мен жағдайларды талдауды қоса

алғанда, өтініштердің орындалуын бақылау жұмысты ұйымдастыруда жүйелі тәсілге және оларды қарау кезінде заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Жұмыстың барлық түрінен экономикалық тиімділік 181 253 316 теңгені құрады.

 «AQNIET» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ МЕН ФИЛИАЛДАРЫНА 2024 ЖЫЛЫ КЕЛІП ТҮСКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ БОЙЫНША МӘЛІМЕТ				
СҰРАҚТАР ТІЗБЕСІ	БАРЛЫҒЫ	ТОЛЫҚ «ЖАБЫЛДЫ»	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР (тң.)	БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ
 ЕҢБЕКАҚЫ	684	680	12 759 543 тң.	4
 ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	73	73		
 ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	128	115	3 045 000 тң.	13
 САНАТОРЛЫҚ-КУРОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС	2921	2921	146 082 833 тң.	
 МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ	305	305	19 365 940 тң.	
 БАРЛЫҒЫ	4111	4094	181 253 316 тң.	17

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы (бұдан әрі – «AQNIET» Кәсіподағы) Сіздің 08.01.2025 жылғы №11-1-11/Д-7608 хатыңызға жауап ретінде 2024 жылы еңбек құқықтарының кепілдіктерін сақтауға және қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге қатысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, кәсіподақтар және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасында 2023-2025 жылдарға жасалған Салалық келісім (бұдан әрі - Салалық келісім) шеңберінде міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты жолдайды.

«AQNIET» Кәсіподағында 2024 жылы еңбекақы төлеу, құқықтық мәселелер, еңбекті қорғауды ұйымдастыру, санаторлық-курорттық қызмет көрсету және демалыс, атаулы материалдық көмек көрсету және түрлі мәселелер бойынша медицина қызметкерлерінің 4111 өтініші өңделді:

Жамбыл облысында:

«AQNIET» Кәсіподағының Жамбыл облыстық филиалына (бұдан әрі- Филиал) Шу қаласының қалалық емханасы ұжымынан жиналыстың бейнежазбасы бар ұжымдық өтініш келіп түсті. Емхана қызметкерлері Шу қалалық ауруханасымен бірігуге келіспейтіндіктерін жазған.

Көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жөніндегі Жоспарға сәйкес 2023-2025 жылдары Жамбыл облысының 3 объектісінде Меркі ОАА, Талас ОАА және Шу қалалық ауруханасы күрделі жөндеу (реконструкция/қосымша құрылыстарды салу) жүргізу жоспарланған. Алайда

Қалалық емхананы Қалалық ауруханаға біріктіру көзделмегендіктен, бұл әрекеттердің заңдылығы мен орындылығына негізделген күмән тудырды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрығы) сәйкес Шу қаласының емханасы мен ауруханасы қалалық кәсіпорындар, дербес денсаулық сақтау субъектілері статусын сақтап қалуы тиіс. Сонымен қатар, бұл емхана 2022-2023 жылдары күрделі жөндеуден өткен, ал қалалық ауруханада соңғы алты және одан да көп жыл ішінде жөндеу жүргізілмеген.

Осыған қарамастан Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ж. Оспанова аурухана мен емхананы біріктіру бастамасын көтеріп, оны қызметкерлердің ауылдық аумақтағы жұмысы үшін 25% мөлшерінде үстемеақы алу мүмкіндігімен негіздеді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Шу қаласы аудандық маңызы бар қалаға (ҚР шағын қалаларына) жатады және қалалық елді мекен санатына ие. Соңғы 30 жылда мұндай шешім қабылданған жоқ, сондықтан қала мәртебесін өзгерту мүмкіндігі туралы кез-келген мәлімдеме негізсіз.

Емхана ұжымы Денсаулық сақтау басқармасының іс-әрекеттерінің заңдылығына және олардың заңнама нормаларына сәйкестігіне қатысты бірқатар сұрақтар қойды. Сондай-ақ, Шу қаласының басқа бюджеттік салаларының қызметкерлері арасында үстемеақы төлеу туралы талаптарды тарату мүмкіндігін қоса алғанда, осы шешім іске асырылған жағдайда әлеуметтік шиеленістің тәуекелдері туралы мәселелер көтерілді.

Қалыптасқан жағдайға жауап ретінде «AQNIET» Кәсіподағы түсініктеме алу мақсатында ҚР Бас прокуратурасына, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне, сондай-ақ Жамбыл облысының әкімдігі мен мәслихатына өтініш жолдады.

Тамыз айының басында Филиал төрағасы Бақыт Қозбақов «AQNIET» Кәсіподағындағы медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды үйлестіруші Дәурен Нұрсапаның қатысуымен Шу қалалық емханасының ұжыммен кездесу ұйымдастырды, ұжым қаланың екі мекемесін біріктіруге наразылығын білдірді.

Сонымен бірге Жамбыл облысының Денсаулық сақтау басқармасы қалалық емхананы қалалық ауруханамен біріктіруді жалғастырды. Бұл емхана қызметкерлеріне қысым көрсетумен, арандатушылықпен және құқық қорғау органдарын тартумен қатар жүрді.

2024 жылдың қыркүйегінде Филиал ZOOM арқылы қоғам, мәслихат өкілдерімен, журналистер және Шу қалалық емханасының басшысымен талқылау мен келісуден кейін, Министрдің Жамбыл облысына ресми сапары аясында кездесу ұйымдастырылды, проблемалар тыңдалып, ұсынылған фактілер бойынша тексеру ұйымдастыру туралы айтылды.

Тексеру нәтижесінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі емхана ұжымын қолдап, мәселенің оң шешіміне нүкте қойды.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылдың 10 желтоқсандағы № 291 қаулысымен Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 202 ұйымдарды біріктіру туралы қаулысының күші жойылды. Сондай-ақ, денсаулық сақтау басқармасының бұйрықтары бұзылып, қызметкерлерден тәртіптік жазалар алынып тасталды, ал қалалық емхананың басшысы лауазымына қалпына келтірілді.

Бұл жағдай ұжымның бірлігінің маңыздылығын, сондай-ақ «AQNIET» Кәсіподағының медицина қызметкерлерінің мүдделері мен құқықтарын қорғау жөніндегі тиімді жұмысын көрсетті. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде Шу қалалық емханасы қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға, негізсіз біріктіруге жол бермеуге қол жеткізілді.

ЖО ДСБ «Аяла» облыстық балаларды оңалту орталығы» КМҚК (бұдан әрі - Аяла орталығы) қызметкерлерінің өтініші:

«AQNIET» Кәсіподағының Жамбыл облыстық филиалына (бұдан әрі - Филиал) құқық қорғау органдарында құқықтарын қорғау және мүдделерін білдіру үшін заң көмегіне «Аяла» орталығының бас дәрігері мен қызметкерлері өтінішпен жүгінді.

Филиалға жүгінгенге дейін бір аптадан астам уақыт ішінде мекеменің бас дәрігері мен бірнеше қызметкеріне құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан моральдық қысым жасалып, қылмыстық іс қозғалады.

Мәселенің мәні мынада: «Аяла» орталығында ем алған жасөспірімдер қылмыс жасаған уақытта жазылып, үйде ата-аналарының бақылауында болған. Алайда, жасөспірімдердің ата-аналары қандай да бір пайданы көздеп, прокуратура мен ішкі істер органдарына бұл қылмыстардың барлығы медицина қызметкерлерінің жұмысындағы кемшіліктерден деп жүгінген. Жасөспірімдердің медицина қызметкерлерінің кінәлі емес екендігіне сендіргеніне қарамастан, прокуратура және полиция органдарының қызметкерлері ата-аналарының өтініштері негізінде қылмыстық іс қозғайды.

Сондай-ақ, «Аяла» орталығының қызметкерлері «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ ЖОФ мүшелері болды. Қылмыстық іс қозғалғанда «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ ЖОФ көмек көрсетуден бас тартады. Осыған байланысты «Аяла» орталығының медицина қызметкерлері біздің Филиалға заң көмегіне жүгінеді.

2024 жылдың 29 қарашада Филиал «AQNIET» Кәсіподағына заңдық көмекке жүгінеді.

2024 жылдың 2 желтоқсанында адвокат «Аяла» облыстық балаларды оңалту орталығы қызметкерлерімен кездесті.

Сол күні «Аяла» облыстық балаларды оңалту орталығының барлық қызметкерлері «AQNIET» Кәсіподағына мүшелікке өтті.

«AQNIET» Кәсіподағының тиімді қызметі мен заңдық қолдауының арқасында, 2024 жылдың 30 желтоқсанында қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды.

Шығыс Қазақстан облысында келесі өтініштер мен мәселелер қаралып, сәтті шешілді:

1. Фтизио-пульмонологиялық орталық (ФПО) дәрігерінің шағымы.

